



ҚАЗАҚСТАН  
ТАРИХЫ



# ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Лекциялар курсы

*Редакциясын басқарған  
тарих ғылымдарының докторы,  
профессор Қ.С. Қаражан*

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2008

ББК 63. 3(2 Қаз)6  
К 12

*Баспаға аз-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университеті тарих факультетінің Ғылыми кеңесі және  
Редакциялық-баспа кеңесі ұсынады*

**Пікір жазғандар:**

тарих ғылымдарының докторы, профессор *К.М. Атабаев*;  
тарих ғылымдарының докторы, профессор *М.Ж. Әбдіров*

**Авторлар ұжымы:**

*Қ.С. Қаражан, Ж.Ә. Әбсеметова, Ф.А. Қозыбақова, Т.Қ. Мексебаев,  
С.С. Саржанова, С. Смағұлов, Ш.Б. Тілеубаев*

К 12 **Қазақстан тарихы: Лекциялар курсы / Қ.С.Қаражан,  
Ж.Ә.Әбсеметова, Ф.А.Қозыбақова, Т.Қ.Мексебаев, С.С.Саржанова,  
С.Смағұлов, Ш.Б.Тілеубаев; Ред. басқ. Қ.С.Қаражан. – Алматы:  
Қазақ университеті, 2008. – 330 бет.  
ISBN 9965-30-661-3**

Оқу құралы және деректер негізінде құрастырылған. Авторлар  
ұжымы маңызды оқиғаларға толы ежелгі заманнан бүгінгі күнге  
дейінгі Қазақстанның тарихи тәжірибесін және қозғалыс тұрғысынан  
қарастырады. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған.

Қ **0503020905-176** 102-05  
460(05)-08

ББК 63. 3(2 Қаз)6

ISBN 9965-30-661-3

© Авторлар ұжымы, 2008  
© Аз-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2008

**КІРІСПЕ**

Кейінгі жылдары Қазақстан тарихы бойынша біршама оқулықтар жарық көрсе де, еліміздің тарихының әлі де болса, жете қарастыратын қалтарыстары баршылық. Бұл лекциялар курсы бұрын сынаржақ қарастырылып келген тарихи оқиғаларға жаңаша баға берумен қатар, Қазақстан тарихының кезінде әлдеқайда тиім салған “ақтаңдақ” беттерін де тарих оқулығына қойылатын бүгінгі биік талаптар тұрғысынан саралаған. Біздің қазіргі заманғы тарихымыздың аса ауыр тұстары кеңестік әкімшіл-әміршіл кезеңмен сәйкес келеді. Ұсынылып отырған лекциялар курсы міне, осы кезеңнің қайшылықты тұстарының кейбір көлеңкелі, бірақ тарихымызда ұзақ жылдар бойы “жабық” болып келген мәселелерін жаңа, егемен елдің тарихы тұрғысынан баяндауға арналған. Кеңестік тоталитарлық жүйенің жазымсыз жазалауына ұшыраған қазақмыздың қорнекті мемлекет, ғылым мен мәдениет қайраткерлерінің еңбегіне лайықты баға берілген.

Болашаққа тағалым болу үшін өткен жолымызды зерделейміз абзал. Ол үшін бүгінгі ұрпақ ата-тек сабақтастығын қаз-қалпында, қаусар күйінде білуге тіп, тек қана шындық айтылуы керек. Міне, осы тұрғыдан алғанда бұл лекциялар курсы бүгінгі күннің талаптарына жауап береді. Себебі, онда өткен тарихтың өзекті мәселелері көтеріліп, олар бар мүмкіндігінше толық та жан-жақты қамтылған. Лекциялар курсына Қазақстанның ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі тарихы жоғары оқу орындарының тарих емес мамандықтарының студенттеріне кредиттік оқу жүйесіне сай титтік бағдарлама кезеңінде бағыдалады. Әсіресе, тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның тарихтық қатынастарға қошу жағдайлары, оның негізгі кезеңдері, жаңа экономикалық саясатты қалыптастырудағы қиыншылықтар мен қайшылықтар, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамудағы кейінгі жылдардағы бол жеткен табыстары, тәуелсіз Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы алып отырған орны мен ролі Қазақстан Республикасының Президенті Н.А. Назарбаевтың 1997 жылдан бергі Қазақстан халқына Жолдаулары және бұл еңбектері пайдаланылып, ең соңғы мәліметтер келтіріле, студенттерге өзекті деңгейде жазылған.

Қазақ халқы өзінің жерін, елін, тәуелсіздігін сақтап қалу жолында талай қиын-сұртындардан өтіп, «ат ауыздығымен су кешкен, ер толарсақтан саз кешкен» замандарды өткерген. Қазақтың кең-байтақ, қазынаға бай жеріне, еркіндігіне сырттан кім көз алартпалы дейсіз. Жайылымдық жер, жазиралы жерлер мен сан тарау сауда жолдары үшін болған қақтығыстар үздік-создық қалғанда өзіне ондаған жылдарға созылған соғыстарға айналғаны тарихтан білеміз. Е олардың бәрінде қазақ халқының «мың өліп, мың тірілгенін», тарихи-тарихтан тұнғысынан гөрі ашқасын көп татқанын жақсы білеміз.

Сан ғасырлық тарихымыздың асыл қазыналары түгел ашылды жұмбақтары тұтас шешілді деу асылық болар. Түгелделмеген дүниеми қалпына келтірілмеген қатпарлы тарихи шындықтарымыз әлі де қаншама. Егемен ел болып, еңсе көтергелі бері ғасырлар ауқымына жүк боларлық қыруар шаруа атқарылса да рухани кемелдікке қол жеткізу үшін алдай уақытта да тынымсыз ізденіс, тыңғылықты зерттеулер бір сәт толастамайды деп ойлауымыз. Қолдарыңызға тиіп отырған осы лекцияның курсына туған Отанымыздың жан-жақты шежіре-баянын жүйелеу ғылыми-танымдық тұрғыда оқырман назарына ұсынуға алғашқы қада жасалды. Егер осы оқулық тарихи болмысымызды тануға селтілген тигіп жаса, деген мақсатымыздың орындалғаны деп білеміз.

Елімізге қатысты маңызды оқиғалар мен тарихи жөніндегі зерттелме ғылыми-ақпараттық айналымға түскен деректерді мүмкіндігінше мол қамту тырыстық. Тарих тәжірибесі – ұрпақтардың кешегісі мен бүгінгісінің субелі, нағыз прогресшіл қасиеттерін біріне-бірі жалғастыратын өк эстафетасы. Бүгінде Қазақстанның толық қанды тәуелсіз мемлекет болж жағдайында тарихымызды білу, қазақ халқы жинақтаған бай тәжірибег игеру, жаңа ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеуде, олардың белсенді өмірл айқындамасын қалыптастыруда мейлінше маңызды. Тарихқа, тарих бастауларға, тәжірибеге біз қаншама терең үйілсек, қоғамдағы қазір жағдайды соғұрлым жақсы түсінетін, білетін боламыз.

Міне, осы тұрғыдан алғанда ұсынылып отырған оқулық кеңестік қоғамның тоталитарлық басқару жүйесінің өзгешілігі болған өткен тарихымыздан тағды алғызып, тарихи шындықты бұрмалаудан сақтандырады. Оқу құралының берілген материалдар тарихтың көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі көптег мәселелерді қайта қарастырып, жаңа баға беруге, ақпаңдардың ой-өріс кеңейтіп, тарихты бүгінгі күн тұрғысынан зерделеуге мүмкіндік беретіндігі күман жоқ. Бұл оқу құралы өткенімізді білуге, оны бүгінгі қалыптасқан ойла жүйесі мен көзқарастар тұрғысынан түсінуге, студенттердің ынта-ықыласы бұрынғыдан да арттырары сөзсіз.

Ұсынылып отырған лекциялар курсы Қазақстан тарихы бойынша студенттерге оқылып жүрген дәрістер мен семинар сабақтарын толықтырып егеменді еліміздің тарихы бойынша жазылатын жаңа оқулықтарға қажетті та деректер мен мағлұматтар береді деген сенімдеміз. Сондай-ақ халқымыздың тарихын жастардың зерлесіне құйып, оларды осы тарихтың тағлымды таныстырудың, әсіресе, жоғары, орта оқу орындарында оқып жүрг студенттердің тарихи санасын бүгінгі талаптар тұрғысынан қалыптастыруд белгілі-бір үлес қосады деген ойдамыз. Бүгінгі күнде Қазақстан тарихының тереңдетіп оқытылуы, мұндай лекциялар курсына студенттердің аса зор өкенин көрсетіп отыр.

## ЕЖЕЛГІ ЗАМАНҒЫ ҚАЗАҚСТАН

- Қазақстан тас ғасыры дәуірінде
- Қазақстан аумағындағы қола дәуірі

## 1. Қазақстан тас ғасыры дәуірінде

Белгілі бір әлеуметтік-экономикалық формацияның дамуына байланысты адамзат тарихы ұзақ-ұзақ кезеңдерге бөлінеді. Көне тарихтың ұзақ уақытты қамтитын маңызды бөлігі археологиялық дерек көздері бойынша зерттеледі. Археологияда кезеңдендірудің өзіндік әдісі жасалған, оған көне адамзат тарихы тас, қола, темір және ортағасырлар дәуірлеріне бөлінеді.

Алғашқы қауымдық құрылыс адам баласының өсіп дамуындағы ең алғашқы кезеңі. Ғылыми зерттеулерге қарағанда алғашқы қауымдық құрылыстың дамуы барлық жерде бірдей болған. Елімізде жүргізіліп жатқан археологиялық қазба жұмыстар өткен өмірдің даму тарихының алғашқы кезеңдерін ашып, дүние жүзілік адам қоғамының зерттеуіне өз үлестерін қосуда. Қазақстан жерінде алғашқы адамдардың тастан жасалған құрал-саймандары, қоныс-жайлары табылып отыр. Бұл археологиялық ескерткіштер Қазақстандағы алғашқы қауымдық құрылыстың болғандығын дәлелдейді.

Алғашқы адамдардың өндіргіш күші біріншіден, алғашқы адамнан, екінші – оның тас құралынан тұрды. Археология ғылымы зерттеуді осы тас құралдардан бастайды.

Қазақстандағы алғашқы қауымдық құрылыс ескерткіштерінің зерттелуінің азды-көпті өзіндік тарихнамасы бар. Қазақстан жеріндегі тас құралдар туралы алғашқы деректер XIX ғасырдың 50-жылдарынан басталады. 1862 жылы Гурьев облысының Александров портынан пышақ тәрізді тас құралдар табылса, ал 1883 жылы Абайдың досы П.П.Михаленко тілегі бойынша Семей қаласында өлкелік музей ашылып, оның сөрелеріне 80-нен астам тас жебелер, тас найзаның ұштары, қырығыштар, пышақ тәрізді тас құралдар, тас балталар қойылады. Тастан жасалған құрал-саймандар, әсіресе, XX ғасырдың басында Қазақстанның әр жерінен табылып, ол туралы баспасөз беттерінде жазыла бастайды. 1895 жылы академик В.В.Бартольдтың бастамасы бойынша Түркістан губерниясы археологтар қоғамы құрылып, Қазақстан бойынша көне дәуірдің ескерткіштері туралы қамқорлық жасап, олар туралы хабар беріп отырған. Қазақстандағы алғашқы қауымдық құрылыстың тас құралдарының нағыз ғылыми тұрғыда зерттелуі 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін ғана